

Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 909	▼ -0,54%	▲ 17,7%
NASDAQ	22 878	▼ -1,18%	▼ -1,5%
DJIA	49 499	▲ 0,03%	▲ 16,8%
CBOE Volatility Index (VIX)	19	▲ 3,90%	▲ 3,9%
Еуропа			
FTSE 100	10 847	▲ 0,37%	▲ 31,3%
DAX	2 153	▲ 0,37%	▲ 26,2%
Азия			
Hang Seng	26 381	▼ -1,44%	▲ 34,4%
Nikkei 225	58 472	▼ -0,19%	▲ 46,6%
Shanghai SE	4 147	▼ -0,01%	▲ 27,1%
Қазақстан			
KASE	7 749	▲ 0,80%	▲ 36,5%

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Бейсенбі күні қор нарықтары сауданы әртүрлі бағытта аяқтады: S&P 500 0,54%-ға төмендеп \$6 908,86 деңгейінде жабылды; Nasdaq Composite 1,18%-ға азайып \$22 878,38 болды; ал DJI 0,03%-ға өсіп, \$49 499,20 құрады. S&P 500 индексіне кіретін 11 сектордың 9-ы сауда барысында өсім көрсетті. Ең жоғары өсімді Industrials (+1,4%), Consumer Discretionary (+1,4%) және Financials (+1,3%) секторлары көрсетті. Materials (-0,04%) және Utilities (-0,02%) секторларында төмендеу тіркелді.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	10 743 552 122 844	▲ 1,2%	▼ -1,6%	▲ 10,4%
Consumer Discretionary	6 420 155 887 030	▲ 1,4%	▲ 1,3%	▲ 12,6%
Consumer Staples	3 719 885 503 772	▲ 0,3%	▲ 7,4%	▲ 8,5%
Energy	1 927 075 816 063	▲ 0,8%	▼ -10,1%	▲ 21,8%
Financials	7 233 892 016 790	▲ 1,3%	▼ -2,6%	▲ 6,3%
Industrials	5 221 234 107 127	▲ 1,4%	▲ 5,0%	▲ 31,9%
Information Technology	19 139 827 987 827	▲ 0,5%	▼ -2,2%	▲ 52,9%
Materials	1 184 279 986 972	▲ 0,0%	▲ 6,7%	▲ 25,0%
Real Estate	1 182 324 894 470	▲ 0,6%	▲ 4,0%	▼ -2,3%
Utilities	1 445 430 584 503	▲ 0,0%	▼ -9,1%	▲ 18,9%
Health Care	5 916 352 727 494	▲ 0,2%	▲ 2,4%	▲ 6,8%

Технологиялық сектордағы жаппай пайда фиксациясы бейсенбі күні америкалық қор индекстерінің төмендеуіне әкелді. S&P 500 және Nasdaq индекстері бастапқыда Nvidia компаниясының мықты қаржылық есебінен қолдау тапқанымен, алғашқы оптимизм тез арада сақтыққа, кейін сатылымдарға ұласты.

Инвесторлар жасанды интеллектке арналған чиптер өндіретін жетекші компания — Nvidia-ның тоқсандық нәтижелерін оң қабылдады. Алайда нарық табыс өсімінің баяулау белгілеріне көбірек назар аударды. Салыстыру базасының күрделене түсуіне байланысты жылдық көрсеткіштер бұрынғы қарқынды динамиканы көрсете алмады, бұл компанияның болашақ перспективаларына қатысты күмәнді күшейтті. Нәтижесінде акциялар 5,5%-ға төмендеп, бұл сәуір айынан бергі ең ірі құлдырау болды және компанияның нарықтық капитализациясы шамамен 260 млрд долларға қысқарды.

Қысым бүкіл технологиялық сегментке тарады. Alphabet акциялары шамамен 1,3%-ға арзандады, Apple 1,7%-ға төмендеді, Amazon 0,5%-ға, ал Tesla 2,1%-ға құлдырады. Жалпы алғанда, инвесторлар жасанды интеллектке салынатын ауқымды капиталдық шығындар мен жаңа технологиялардың салаға ықтимал құрылымдық әсеріне алаңдаулы болып отыр. Соңғы апталардағы чиптер мен бағдарламалық қамтамасыз ету сегментіндегі жоғары құбылмалылық осы алаңдаушылықтарды көрсетеді.

Нарықтарға қосымша қысым сыртқы факторлардан да туындады. Инвесторлар АҚШ пен Иран арасындағы ядролық бағдарлама бойынша жанама келіссөздерді мүжіят бақылауда. Осы аяда мұнай бағалары сауда барысында құбылып, төмендеумен аяқталды: Brent фьючерстері 0,14%-ға түсіп, барреліне 70,75 долларды құрады, ал WTI 0,32%-ға төмендеп, 66,21 долларға жетті.



Сонымен қатар Федералдық резервтік жүйенің болашақ басшылығына қатысты пікірталастар күшейіп келеді. Нарық қатысушылары Кевин Уорштың ФРЖ төрағасы лауазымына ықтимал кандидатурасын талқылап, оның саясаты қаншалықты қатаң немесе жұмсақ болатынын бағалауда. Пайыздық мөлшерлемелер бойынша фьючерстер келесі толық 25 базистік пунктке төмендету қырықүйектен ерте болмайтынын көрсетіп отыр. Егер Уорш бекітіліп, мамыр айында Джером Пауэллдің орнын басса, онда мөлшерлемені төмендету оның төраға ретіндегі үшінші отырысына дейін жүзеге аспауы мүмкін. Негізгі PCE инфляциясы шамамен 3% деңгейінде болған жағдайда, ақша-несие саясатын жұмсартудағы мұндай үзіліс орынды көрінеді.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	408	▲ 2%	▲ 48,9%
Банк ЦентрКредит	4 719	0%	▲ 105,9%
Kcell	3 439	▲ 1%	▲ 1,7%
Казатомпром	41 749	▲ 1%	▲ 104,1%
КазТрансОйл	1 051	0%	▲ 27,7%
КЕГОК	1 461	0%	▼ -3,9%
Kaspi.kz	37 299	▲ 1%	▼ -32,0%
КазМунайГаз	25 806	▲ 1%	▲ 76,4%
Эйр Астана	851	▲ 1%	▼ -25,5%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	498,49	▼ -0,69%	▼ -1,6%
RUB/KZT	6,48	▼ -0,54%	▲ 1,2%
CNY/RUB	10,97	▲ 0,56%	▼ -0,2%
EUR/USD	1,1797	▼ -0,10%	▲ 0,7%

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.